

С. С. ҚАСЫМОВА

(Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды қ.)

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ ҰЛТТЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСЫ

S. S. KASIMOVA

(Karaganda state technical university, Karaganda city)

THE VIEW OF SAKEN SEIFULLIN ' S NATIONAL POLITICS OPINION ANNOTATION

Keywords: national politics, «nationality», to ridicule imperialistic government, office work on Kazakh.

In the article is written the definition to the poet, writer, state and public figure SakenSeyfullin's opinion. In the XXth centuries 20th years SakenSeyfullin was the head of the government and he worked much to take the state status to the Kazakh language. In the result in 1923, the 22nd of November in Kazakh central legislative committee “About leading office work in the Kazakh offices” were declared the archival documents, about taking decree and difficulties in implementing decrees, about ruthless battles, what were the barriers. Here is written the opinion, that he was not the figure of the Soviet government, his all actions were for the life of people, he was the patriot of his country. So, SakenSeyfullin with such love to native land, patriotism actions was proved as “nationality” from side of some colleagues.

There were made inferences about changing from colonial policy to proletarian policy of Russian empire.

Аннотация. Мақалада ақын, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің ұлттық саясат жөніндегі көзқарасына талдау жасалған. С. Сейфуллиннің XX ғасырдың 20-жылдарында Қазақстан үкіметін басқарып қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуі үшін күш салуының нәтижесінде 1923 жылы 22 қарашада Қазақ ОАК-нің «Кеңселерде қазақ тілінде іс жүргізу туралы» Декрет қабылдағаны және оның декретті жүзеге асырудағы қиындықтар, кедергі келтірушілермен аяусыз күрес жүргізгені туралы

мұрағаттық құжаттар зерделеніп, талданған. Сонымен қатар С. Сейфуллиннің осындай отансүйгіштік, патриоттық әрекеттері кейбір әріптестерінің, қызметкерлердің тарапынан «ұлтшылдықтың» көрінісі деп бағаланғаны дәлелденген. Оның кеңестік биліктің бас шұңғушысы болмағаны, мемлекет ісін қазақ халқының мақсат-мүддесіне сәйкес жүргізгені, ұлтжандылық келбеті айқындалған. Ресей империясының отаршылдық саясатының пролетарлық отаршылдықпен алмастырылғандығы туралы ой қорытындылары жасалған.

Ключевые слова: национальная политика, «национализм», критика империализма, делопроизводство на казахском языке.

Тірек сөздер: ұлттық саясат, «ұлтшылдық», империалистік зұлымдықты әшкерелеу, қазақ тілінде іс жүргізу.

Отандық тарихты зерттеу жолында жасалып жатқан игі істердің бірі – кеңестік саясат пен коммунистік идеология ықпалынан бұрмаланып келген төл тарихымызды шынайы тұрғыдан қайта жазуға мүмкіндіктің тууы. Қазақстан тарихының 20-30 жылдары, сол кезеңде қызмет еткен зиялылардың тұлға ретіндегі қоғамдық-саяси қызметтері зерттеліп, лайықты бағасын алуда. Қазақ мемлекеттігін нығайту жолында аянбай еңбек етіп, елеулі үлес қосқан сондай зиялылардың бірі, ақын, жазушы әрі қоғам қайраткері – Сәкен Сейфуллин.

С.Сейфуллинді өткен ғасырдың 90-жылдарынан бері әр түрлі пікірде сынаушылар көп болды. Олардың ішінде жаңа демократиялық қоғамның белсенділері де, кеңестік жүйені сынап, онан бас тартушылар да болды. Алайда тәуелсіздік жылдарының барысында ондай көзқарас та өзгеріске ұшырады. Кеше кейбір Сейфуллинді қаралағандар бүгін оның «Жас қазақ марсельезасынан» үзінді беріп, газеттерінің әр номеріне эпиграф ретінде пайдалануда. Солардың бірі республикалық апталық «Тасжарған» газеті. Яғни, қоғамдағы байлық пен меншік негізінде жіктелу, осының негізіндегі келеңсіздік жағдайында оларға Сәкен Сейфуллин ұран ретінде қажет екен.

С. Сейфуллин Ақмола уездік атқару комитеті әкімшілік бөлімінің меңгерушісі қызметінде жүргенде 1920 жылы Қазақ АКСР-ін жариялаған Кеңестердің Бүкілқазақтық I съезіне қатысып, қатарынан Қазақ ОАК мен оның Президиумының мүшелігіне сайланды. Қазақстанның астанасы Орынборда қызметке қалдырылып, республиканың алғашқы басшыларының бірі болды. Азамат соғысы, жұт пен ашаршылықтан кейінгі аса ауыр кезеңде 1922-1924 жылдары Қазақ АКСР үкіметін басқарды.

Қазан төңкерісі нәсіліне, ұлтына, тегіне қарамай барлық адамдардың бостандығы мен теңдігін жариялағанымен, іс жүзінде бұлай болмады. Ұлттық бостандық пен дербестікке ұмтылған Алаш автономиясы, Түркістан автономиясы күшпен жанышталды. Кеңестік жоғары билік органдарына, басшылық қызметтерге ұлттың зиялы қауым өкілдері енгізілмеді. Билік көбінесе орталықтан жіберілген адамдардың қолдарына берілді. 1919 жылы 4 сәуірде Алаш қайраткерлеріне кешірім жасалғанымен, оларды басшылық қызметке тағайындауға шек қойылды.

Сол кезеңде Қазақ мемлекетінің экономикасы мен ауыл шаруашылығын дамытуды, білімі мен мәдениетін өркендетуді ұлттық мүдде тұрғысынан шешудің жолдарын ұсынғандар аз болған жоқ. Алайда олардың мақсаттарын жүзеге асыруға кеңестік қасаң саясат шек қойды, «ұлтшылдықтың» көрінісі деп бағалады. Қазақ зиялыларын «ұлтшылдыққа» айыптау, олардың арасынан «ұлтшылдық» пен «жікшілдіктің» көріністерін іздеу, бақылау Қазақ автономиясы құрылуының алғашқы жылдарында-ақ қалыпты жағдайға айналғанын мұрағат құжаттары дәлелдейді. Өздерінің отаршылдық мақсатын жүзеге асыруға басты кедергі деп санаған большевиктер қазақ оқығандарын «ұлтшылдыққа» айыптап, түрлі күдікті топтарға бөліп көрсету арқылы басын біріктірмеуге тырысты.

С.Сейфуллин және басқа да қазақ басшы, қызметкерлері мемлекет ісін қазақтың ұлттық мүддесіне лайықтап жүргізе бастады. 1923 жылы 15 ақпанда «Еңбекші қазақ» газетінде Манап Шамиль деген бүркеншік атпен Сейфуллиннің «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақаласы жарияланды [1]. Мақалада Сәкен Сейфуллин 1920 жылы құрылған Қазақ автономиясының қырғыз деп дұрыс аталмай отырғандығын, бұл бұрынғы патшаның қазақты кемсітуінің көрінісі екендігін айта келіп: «Орыс патшасының төрелері, жасауылдары қазақты біртүрлі қор, мүгедек, мақау жануар санап, «киргиз» дегенде бір түрлі менмендік қиянатпен, қорлаған мазақпен айтатын болды» деп тарихи шындықтың бұрмаланып отырғандығымен түсіндіреді. Сондықтан мемлекет атын «Қазақ Республикасы» деп өзгертіп, мемлекеттік тіл қазақ тілі болу керек. Қазақстанның орталық үкіметі «киргиз» деген есімді жойып, «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық шығару керек. Сөйтіп, тарихи қатені түзетейік деген тұжырым жасайды.

С.Сейфуллин тіл мәселесін алғаш көтеріп, халықтың алдына салды, көпшіліктен қолдау күтті. Өкінішке орай қоштаушылар болмады. Сейфуллиннің ойларының дұрыстығын біле тұра сол кездегі қазақ басшы қызметкерлерінің арасындағы бірліктің жоқтығы, «аға» ұлт өкілдеріне жалтақтық, қызмет орнынан айырылып қалмау үшін қарақан басының қамын ойлау сияқты келеңсіз жайлар мәселенің шешімін табуына кедергі болды. Мәселе тек араға екі жыл салып шешімін тапты. 1925 жылы 15-19 сәуірде өткен Қазақстан Кеңестерінің V съезінде қабылдаған шешімдердің бірі - халықтың тарихи шын аты – «қазақтар» деген атау қалпына келтірілді. БОАК Президиумы съезд шешімін бекіткен қаулының 1 пунктінде: «Қырғыз Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы деп өзгертілсін» - деп көрсетілді [2, 375 б.].

Жоғарыдағы мақалаға қайта оралайық. С.Сейфуллиннің мынадай үндеу тастауы «ұлттар теңдігі» дегенді бет-перде қылып, іс жүзінде ұлыорыстық шовинизмді жүзеге асыруды мақсат

еткен коммунистердің саясатына қарама-қайшы еді. Кейбір әсіреқызыл коммунистер өздерін жоғарыдағыларға жақсы атты етіп көрсетіп, С.Сейфуллиннің халық алдында беделін түсіру үшін жағдайды пайдаланып қалуға тырысты, пайдаланды да.

1923 жылы 17-22 наурыз аралығында Орынборда ІІІ облыстық партия конференциясы өтті. Конференцияда РК(б)П ОК-нің өкілі Е. Ярославский өз баяндамасында Сейфуллиннің «Азия» өлеңін сынға алып «ұлтшыл», «азияшыл» деп айыптады. Оған себеп өлеңде мынадай жолдар бар еді:

«Сұм Европа! Арам, залым тас болдың,
Бүліншілік, жауыздыққа бас болдың.
Адамзатқа жол көрсеткен ерлерге,
Неге мұнша, уа, Европа, қас болдың?!
Балаларың бірін-бірі шабысты,
Сұм жыландар ысылдасты, шағысты.
Өлтірісіп қарындасын, қандасын,
Күліп-ойнап, іле артынан табысты.
...Мен жібердім Семит пенен Мұсаны,
Ыбырайымды, Дәуіт пенен Исаны.
Жіберіп хәм көп пайғамбар мен саған,
Ақырында Мұхамметті жұмсағам...» [3, 50 б.].

Конференцияда «Өлең таптық көзқарасқа қарсы ұлттық идея тұрғысынан жазылған» - деп [4, 23-24 бб.] шығарманы марксизм-ленинизм идеясына қайшы деп тапты. Осы конференцияның өтуіне куә болған жазушы С.Мұқановтың естелігіне жүгінсек: «Конференция жүріп жатқан кезде әлдекім Сәкен Сейфуллиннің «Азия» өлеңін орыс тіліне аударды да, Е.Ярославскийге береді. Ярославский өлеңді дұрыс және қатты сынады. Қазақстан облыстық партия комитетінің әйелдер бөлімін басқаратын Алма Оразбаева Ярославскийдің Сейфуллинді сынауын мақұл көріп: - Сәкен бір өлеңінде Троцкийді «банда» деп айтты деп сөкті. ЦК КПСС атынан келген Е.Ярославский Оразбаеваны қолдады. Сәкен Алманың бұл сөзін «өз бетімен айтқан жоқ, ақылдасып айтты» деп С.Мендешевті жорамалдады. Сейфуллиннің қате өлеңдері жайында А.Оразбаеваны да, С.Сейфуллинді де жақтаушылар табылып, бұған дейін тұтасып келген қазақ коммунистерінің арасына жарықшақ түсті де, арты «мендешевшілдік» және «сейфуллиншілдік» деп аталатын жікке айналып кетті» - дей келе автор идеологиялық алауыздықтар болмағандықтан ол жіктер принципсіз жіктер деп аталды деген ой түйеді [5, 18 б.]. Айтылған ойға сыни тұрғыдан қарасақ, автор «Ярославский өлеңді дұрыс әрі қатты сынады» деп кеңестік идеологиядан аса алмаған. Шындығында бұл Сейфуллин өлеңіне берілген теріс баға еді. Өлеңнің негізгі идеясы – татулық, бауырмалдық, империалистік зұлымдықты әшкерелеу болатын. Конференция материалдарымен танысқанымызда жоғарыдағы келеңсіз жайға байланысты облыстық партия комитетінің хатшысы А.Асылбеков: «Өлеңде «банда» деген сөз жоқ, «пенде» - бағынушы деген мағынада» - деп А.Оразбаеваның теріс түсіндіргеніне түзету жасаса, Жер ісі халкоматының өкілі Х.Нұрмұхамедов А.Оразбаеваға бұл қылығы үшін сөгіс берілуін талап еткен. Ал республика прокуроры Н.Нұрмақов Сейфуллинге өтірік жала жапқаны, ұстамсыздығы үшін А.Оразбаеваның обком мүшелігіне сайлануына қарсылық білдірген.

Сонымен конференцияда ұлт республикаларының өкілдері таптық күрестен гөрі ұлттық мәселелерге көбірек назар аударады, қазақ коммунистерінің арасында ұлтшылдық элементтері бар деген солақай тұжырым жасалды. Бұл әрине, қазақ зиялыларын жайбарақат қалдыра алмады, конференцияның 14 делегаты бірігіп Е.Ярославскийдің атына наразылық білдірген хат жолдайды. Онда былай делінген:

«Председателю ЦК РКП (б) тов. Ярославскому.

С первого момента открытия III-ей Всекиргизской партийной конференции наблюдается определенное течение, направленное к обвинению киргизских коммунистов в национализме.

Это течение является абсолютно ошибочным и не на чем реальном необоснованном и как результат неправильных толкований о проводимой киргизскими работниками-коммунистами политики в области внедрения коммунистических идей среди киргизских рабочих и бедноты и из другой стороны вследствие колонизаторских выходок некоторых русских т.т., старающихся посредством доносов, доставляемых карьеристами, и неточного перевода киргизской печати очернить киргизских коммунистов перед партией, а следовательно, и перед пролетарской массой...» [4, Б. 235-236]. «Он төрттің хаты» аталып кеткен бұл құжатқа қол қоюшылар

С.Меңдешев, А.Асылбеков, С.Сейфуллин, С.Сәдуақасов, Ы.Мұстамбаев, Н.Нұрмақов, Ш.Тоқжігітов, Х.Жүсіпбеков, Х.Нұрмұхамедов, Н.Залиев, О.Жамбеков, М.Саматов, М.Атаниязов, Н.Байсалықов сынды қазақ зиялылары болды. Хатты қараған РК(б)П ОК-нің Қазақ бюросының берген жауабында: «ешкім қазақ жолдастар жөнінде ұлтшылдар деген беталды айыптау жасаған жоқ», ал ұлтшыл-уклонистік көзқарастарды сынға алу әбден орынды және оның өзі партияның әрбір мүшесінің ажырағысыз правосы ғана емес, сонымен бірге міндеті де болып табылады» деп көрсетілді [4, Б. 143-144]. Осылайша қазақ зиялылары төніп келе жатқан ұлтшылдық, панисламизм, пантюркизмдік жалған айыптаулардың алдын алуға, тоқтатуға ұмтылды. Негізсіз жала С.Сейфуллиннің көңіл-күйіне әсер етпей қойған жоқ, «Мені ұлтшылдыққа айыптайтыны жөнінде бұрын да айтқан болатынымын, мұндай жағдайда жұмыс істеу мүмкін емес» - деп тіпті өзін ұсынылған обком мүшелігіне кандидаттықтан алып тастауды өтінді [4, 243 б]. Сейфуллиннің түсінігінде коммунистің партиялық міндетті орындауы үшін обком мүшесі немесе мүшелікке кандидат болуы шарт емес, ең бастысы халыққа адал қызмет қылу. «Ұлтшылдыққа» таңылса да алған бағытынан өзгерген жоқ., оны кейінгі істерімен дәлелдей түсті.

1923 жылы 17-25 сәуірде Мәскеуде өткен РК(б)П XII съезіне қатысқаннан кейін Сейфуллиннің «12 партия жиылысы ұлт мәселесін дұрыс шешуге жаңа жоба көрсетті» деген мақаласы жарияланды. С.Сейфуллиннің ұлт жөніндегі көзқарасын тереңірек ұғыну үшін мақаладан көлемдірек үзінді келтірейік: «Қағаз бетінде теңдік алғанымен, іс жүзінде кейбір реттерде теңдік ала алмайтындарын әр ұлттың өзінен шыққан коммунистері артығырақ біледі. Әр халықтың түрлі мінезін, түрлі заңын, түрлі салтын, түрлі мақсатын, сол халықтың өзінен шыққан коммунистер артық біледі. Совет құрамасының біздің Қазақстан тәрізді шеткі республикаларында осы тақырыпты бұрынғы зор болып қалған ұлттан – орыстан шыққан коммунистер мен бұрынғы кем болып қалған кірме, уақ ұлттардан шыққан коммунистердің араларында ұғыныспағандық болып келді. Ол ұғыныспағандық кейбір уақыттарда алалыққа да айналып кетіп жүрді. Бірақ, әлгі жұртқа белгілі «ұлтшылдық», «өзімшілдік», «отаршылдық» дегендерді қоздырыңқырап жіберу шарттарының бірі сол ұғыныспағандықтан шыққан алакөздік еді»- дейді [6, Б. 199-202]. Мақала мазмұнынан С.Сейфуллиннің съезде айтылған мәселелерді саралай келе, Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде орын алып отырған қарама-қайшы жайлардың түйінін шешуге, ұғындыруға талпыныс жасағаны айқын аңғарылады. Біріншіден, ол қазақ халқы үшін ең қауіптісі отаршылдық пен өзімшілдік екендігін, орыс коммунистерінің арасында осындай пиғылдың әлі де сақталып отырғандығын атап көрсетеді; екіншіден, оның ойынша қазақ халқын өркендетудің жолын қазақтың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық ерекшеліктерін, дәстүрін білетін қазақтардан басқа ешкім таппақ емес. Ең алдымен, жергілікті ұлт өкілдерінің пікірімен санасу керек, оларды мемлекеттік басшылық қызметке көбірек тарту керек. Қазақ коммунистерінің өзіндік пікір, ойларына «ұлтшылдық» емес, ұлттық мемлекетті дамытудың бағыттары мен жолдары деп қарау керек. Ең бастысы – жергілікті ұлт өкілдеріне деген сенім екендігін батыл айтты. Сөйтіп, өзара түсіністіктің, түсінуге тырысушылықтың болмауынан солақай басшылар мен қоздырушылар ойлап тапқан «ұлтшылдық» деген аңызды жоққа шығарды. Мақалада съезд шешімдерін жариялап, қоғамдағы мақсат-мүдделерді ұғындыруға тырысты: 1) Бұрынғы қорлықта, кемдікте жүріп қалған ұлттардың арасымен Россияның еңбекші табының арасын жақындастыру, бұрынғы қожа болып қалған орыс ұлтына уақ ұлттардың сенімсіз қарауын жойдыру; 2) Мекемелерде істі сол уақ ұлттардың ана тілінде жүргізу; 3) Мекемелердің басқармаларына жергілікті ұлттардың адамдарын көп кіргізу» [6, 199 б]. Саяси өмірді халыққа түсіндіріп, сезіндіру арқылы шешімде көрсетілгендей үлкен мақсатты – ұлттық мүдделерді іске асыруға белсендіруге, жұмылдыруға әрекет жасады.

Ұлттық теңдік ұғымын сол ұлттың тілінің еркіндігімен байланыстырған С. Сейфуллин біртіндеп кеңселерде қазақ тілінде іс жүргізуге дайындықты қолға алды. Бұл ретте оның қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріп, кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу жайында жазған мақалалары аса маңызды. «Қызмет істері қазақша жүргенде ғана бұл күнге шейін қадірсіз болып келген қазақша хат білетін адамдардың бағалары артады» – деп ана тілінде іс жүргізудің өзектілігін көрсетеді. Жинақтап айтсақ, Сейфуллин ойларының негізгі түйіні мынадай: Тіл – әр халықтың тәуелсіз ұлт екендігінің бірден-бір кепілі. Әр ұлт өз жерінде өзінің ана тілінде жазылып қабылданған заңдар мен құжаттарға сүйеніп өмір сүруі керек. Кез-келген ұлттың өзінің ана тілінде жазылмаған құжаттар мен істерді, мемлекеттің жүргізіп отырған саясатын дұрыс түйсініп оқуға мүмкіндігі болмаса, оның орындалуы да мүмкін емес. Қазақ халқының өсіп-өркендеуі үшін қазақ тілінің қолданыс құқығын қорғау керек. Себебі тіл еркіндігі - ой еркіндігі. Ой еркіндігі орнаса әр адам мемлекет ісін жүргізуге, мемлекеттік құрылысты нығайтуға өз үлесін қоса алады.

С.Сейфуллин тек насихат, үгіт жасап қана қойған жоқ, үкімет басшысы ретінде істің

жандануына ерекше күш салды. 1923 жылы 2 тамызда өткен Қазақ ОАК-нің кезекті мәжілісінде С.Сейфуллин қазақ тілінде іс жүргізуді басқару, ұйымдастыру үшін Қазақ ОАК жанынан Қазақ ОАК-нен, облыстық комитеттерден, Юстиция, Ағарту, Ішкі істер, Қаржы халық комиссариаттары өкілдерінен тұрақты комиссия құру туралы ұсыныс жасады [7, Б. 2-6]. Үкімет пен 1923 жылы 29 тамызда Қазақ ОАК Президиумының қаулысымен құрылған кеңсе істерін қазақ тіліне көшірудегі Орталық Комиссияның жұмысы мен тегеурінді талабының нәтижесінде Қазақ ОАК 1923 жылы 22 қарашада «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу туралы декрет» қабылдады [8, Б. 104-105]. Алайда декрет қабылданғанымен оның іске асуы оңай болмады. Тіпті С. Сейфуллин Оралда өткен губерниялық съезде «қазақ тілін білмейтін орыс ұлтының өкілдеріне Қазақстанда қызмет етіп керек емес» - деп айтты деген жалған сөз тарады [9, 231 б.]. С.Сейфуллин мұндай аяқтан шалушылар мен арандатушы қылықтарға қарсы күресті: «Біздің қазақ коммунистерінің кейбіреулері қазақ тілі туралы қатты кірісуге «біреу ұлтшыл деп айтады» деп бой тартады. Бірақ ол қулық, коммунистік қылық емес, жарамсақтық, жағымпаздық. Кейбір демагог өзін «жақсы коммунист» деп айтсын деп қазақ тілін кіргіземін деп жүрген адамдарды: «анау ұлтшыл, мынау ұлтшыл» дер, бірақ коммунистік партияның Орталық Комитетін «ұлтшыл» деп айта алмас» деп [6, 36 б.] декрет қабылданғанымен оны орындауға құлықсыздық танытып отырған басшы-қызметкерлердің қылықтарын өткір түйреді. Сейфуллиннің ойларынан оның ұғымында коммунист болу деген – ол ұлт мүддесін қорғау, ұлтқа қызмет ету болғаны айқын аңғарылады.

Сейфуллин үкімет құрамын білікті де білімді халық комиссарларынан тағайындауға қатты көңіл бөлді. Әсіресе қазақ тілінде іс жүргізетін халық комиссарларына қажеттілік жоғары болатын. С. Сейфуллин үкімет басшысы болып тағайындалған уақытта үкімет құрамының жергілікті ұлт өкілдерінен тұратын мамандармен қамтылуы төмен еді, 23 халық комиссарлары мен оның орынбасарларының ішіндегі қазағы небары 34%-ды құраған болатын. С.Сейфуллин үкіметтің осы бағытта алдағы уақытта шұғыл түрде орындайтын шараларын былайша көрсетеді: 1) Кеңсе істерін жүргізуде өлкелік курстар ашу; 2) Халкоматтарда қазақша оқып, жаза алатын қазақ ұлты өкілдерін көбейту; 3) Ең алдымен Халком Кеңесі мен Қазақ ОАК-нің барлық қызметкерлерінен қазақ тілін меңгеріп, қолдана білуді талап ету [10]. Ол халық комиссариаттарының оның төменгі буындарымен байланысын жандандырудағы қазақтандыру мәселесінің маңыздылығын жоғары қойды. Нәтиже-сінде 1924 жыл соңында 25 халком мен оның орынбасарларының 56% қазақ ұлтының өкілдері болды. Осылайша халық комиссариаттарына қазақ мамандарын көбірек тарту арқылы үкімет пен оның төменгі буындарының қызметін қазақ халқының ұлттық мүддесіне сәйкес жүргізді.

Жалпы С. Сейфуллиннің кеңестік идеяларды үнемі бас шұғып қолдай бермегенін, отаршылдыққа қарсы позиция ұстанғанын өзінің және оны сынаған сыншылардың пікірі де дәлелдейді. Айта кету керек, бұл жолда ол жалғыз емес болатын. Мәселен, Қазақ ОАК төрағасы С.Мендешев пен республика прокуроры Н.Нұрмақов 1923 жылдың 21 мамырында өткен Қазобкомның мәжілісінде жақында өздерінің Мәскеуге барған кезекті сапарында РК(б)П Орталық комитетіне Қазақстаннан басшы-қызметкерлер С.Пилиевский, А.Вайнштейн, В.Чернядьевті кері шақыртып алуды сұрап өтініш жазғандарын айтқан [11, 25 б.]. Әрине, мұндай өтініш жайдан-жай жазылуы мүмкін еместігі түсінікті. Мұрағат деректерін зерделеу барысында осыған ұқсас жайларды анықтадық. Сол уақытта партия-кеңес қызметкерлерінің іс-әрекетін тексеріп отыру қалыптасқан дағдыға айналған-ды. 1923 жылы 10 наурыз күнгі алынған анкеталардың бірінде ақпан айының соңында Сейфуллиннің үйінде түскі аста болған қазақ коммунистерінің обком хатшысы Г.Коростолевке, А.Вайнштейнге, С.Пилиевскийге қарсы өте қатты наразылық білдіргендері жайында мәлімдеме берілген [12, 39 б.]. Мұны былайша түсіндіруге болады: Деректердің өзі көрсетіп отырғандай, Н.Нұрмақов пен С.Мендешевтің Орталыққа өтініш жасауы 1923 жылдың сәуір немесе мамыр айының басы болатын болса, мұндай шешімге олардың кездейсоқ емес, алдын-ала С.Сейфуллин, А.Асылбеков, Ж. Сәдуақасов сынды қазақ зиялыларымен келісе отырып баруы әбден мүмкін екендігі күмән келтірмейді. Мұның алдында ғана 14 қазақ зиялысының облыстық III партия конференциясында Орталықтың өкілі Е.Ярославскийдің атына қазақ қызметкерлерін ұлтшылдыққа айыптауға қарсылық хатын жолдағаны белгілі. Ал «ұлтшыл» атанған С.Сейфуллиннің белең алып отырған отаршылдықтың қаупін батыл әшкерелеп оған қарсы күресуі сөз жоқ, түсінікті. Осы жайында Сейфуллиннің өзі де кейіннен 1929 жылғы партиялық тазалау кезінде: «1923 жылдың ортасынан бастап отаршылдыққа ымырашылдық қылғаны үшін Г.Коро-столевке қарсы күрес жүргіздік» деп ашып айтады [13]. Дегенмен қызмет орны мен мансап қуған коммунистер С. Сейфуллинді аямай сынаған болатын. Партия-кеңес қызметкері Ә.Лекеров

бірнеше «шылдықтарға» сипаттама бере отырып, Сейфуллин туралы: «Ол Қазақстанда ұлтшылдық жоқ, басты қауіп отаршылдық пен шенқұмарлықта деген пікірді ұстанады. Бұдан Сейфуллиннің өзінің де ұлтшылдықтан сау емес екендігін көресін» деп жазды [14, 189 б.]. Алайда солақай сыншының тапқан «қатесі» Сейфуллиннің ұлт мәселесі жөніндегі ұстанымының айғағы болатын. Осылайша С.Сейфуллин басқа да қазақ зиялыларымен бірге ұлттық мүддені қорғап, шенқұмарлық пен отаршылдыққа қарсы күресті.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Манап Шамиль. Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік // Еңбекші қазақ. – 1923. – 15 февраль.
- 2 Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). – Алматы: Ғылым, 1981. 5 – томдық. Т. 4. – 674 б.
- 3 Сахара сұңқары (Мемлекет және қоғам қайраткері, жаңа заманғы әдебиет көшбасшысы С.Сейфуллинге арналады). – Алматы, 2004. – 406 б.
- 4 ҚР ПМ 139-қ. 1-т. 541-іс. 23-24-пп.
- 5 Мұқанов С. Есею жылдары. – Алматы, 1977. – 475 б.
- 6 Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы.–Алматы: Жазушы,1986. – 302 б.
- 7 ҚР ОММ 774-қ. 1-т. 3-іс. 2-6-п.
- 8 ҚР ОММ 5-қ. 3-т. 2-іс. 107-105-пп.
- 9 ҚР ПМ 718-қ. 1-т. 224-іс. 231-п.
- 10 Сейфуллин С. О киргизском языке // Советская степь. – 1923. – 15 декабря.
- 11 ҚР ПМ 139-қ. 1-т. 544-іс. 25-п.
- 12 ҚР ПМ 718-қ. 1-т. 210-іс. 39-п.
- 13 Сейфоллаұлы Сәкен. Менің қателерім туралы // Еңбекші қазақ. – 1929. – 2 сентябрь.
- 14 Лекеров А. Борьба партийной организаций Казахстана с уклонами и группировками в восстановительный период и при переходе к реконструктивному периоду. Из истории партийного строительства в Казахстане. Алма – Ата, 1936. – 388 с.

REFERENCES

- 1 Manap Shamil'. Qazaqty qazaq dejik, qateni tyzetejik // Eñbekshi qazaq. – 1923. – 15 fevral'.
- 2 Qazaq SSR tarihy (kone zamannan byginge dejin). – Almaty: Fylym, 1981. 5 – tomdyk. T. 4. – 674 b.
- 3 Sahara sūñqary (Memleket zhəne qoғam qajratkeri, zhaңa zamanғы ədebiet kəshbasshysy S. Sejfullinge arnalady). – Almaty, 2004. – 406 b.
- 4 QR PM 139-қ. 1-т. 541-іс. 23-24-pp.
- 5 Mұқанov S. Eseju zhyldary. – Almaty, 1977. – 475 b.
- 6 Sejfullin S. Bes tomdyk shyғarmalar zhinary.–Almaty: Zhazushy,1986. – 302 b.
- 7 QR OMM 774-қ. 1-т. 3-іс. 2-6-р.
- 8 QR OMM 5-қ. 3-т. 2-іс. 107-105-pp.
- 9 QR PM 718-қ. 1-т. 224-іс. 231-р.
- 10 Sejfullin S. O kirgizskom jazyke // Sovetskaja step'. – 1923. – 15 dekabrya.
- 11 QR PM 139-қ. 1-т. 544-іс. 25-р.
- 12 QR PM 718-қ. 1-т. 210-іс. 39-р.
- 13 Sejfolloyly Səken. Meniñ qatelerim turaly // Eñbekshi qazaq. – 1929. – 2 sentjabr'.
- 14 Lekerov A. Bor'ba partijnoj organizacij Kazahstana s uklonami i gruppirovkami v vosstanovitel'nyj period i pri perehode k rekonstruktivnomu periodu. Iz istorij partijnogo stroitel'stva v Kazahstane. Alma – Ata, 1936. – 388 s.

Резюме

С. С. Касимова

(Карагандинский государственный технический университет, г. Караганда)

МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ САКЕНА СЕЙФУЛЛИНА О НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКЕ

В статье рассматривается точка зрения поэта, писателя, общественного и государственного деятеля Сакена Сейфуллина о национальной политике, также рассмотрены вопросы государственного языка, его отношения к политике Советской власти, патриотические чувства поэта к своей нации.

Благодаря усилиям С. Сейфуллина в 20-е годы XX века по поводу придания казахскому языку статуса государственного принят Декрет ЦИК Казахстана 22 ноября 1923 году «О введении делопроизводства на казахском языке». Также в статье дан анализ архивным документам о борьбе с противниками и о трудностях внедрения данного декрета в жизнь. Вместе с тем, некоторые его коллеги патриотизм, любовь к Родине С. Сейфуллина рассматривали как «национализм». Сделан анализ точки зрения поэта, политика о замене колониальной империалистической политики России пролетарской колониальной политике.

Ключевые слова: национальная политика, «национализм», критика империализма, делопроизводство на казахском языке.